

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК
УНИВЕРСИТЕТІ**



БЕКІТЕМІН

Академиялық мәселелер вице-ректоры

Э.Қ.Идрисова

2025 ж.

**«ҚОРШАҒАН ОРТА» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТТІҢ
2024-2025 оқу жылында атқарылған
ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ЕСЕБІ**

Түркістан-2025ж.

**2024-2025 оқу жылында «Қоршаған орта» даярлау бағыты бойынша
Академиялық комитетінің жылдық есебі**

АК төрағасы - PhD Г.Б.Тойчибекова, АК мүшелері, академиялық персонал – х.ғ.к. Қ.Т.Сарбаева, АК мүшесі, академиялық персонал – PhD Н.Ә.Әбдімүтәліп, АК мүшесі, академиялық персонал – К.Баешова, АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі – Бейсенбаев Қадырхан Киникбайұлы («ҚР Экология және табиғи ресурстар Министрлігі Экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша Экология департаменті» басшысы), АК мүшесі, білімгерлер өкілі – Б.Бегім болып 2024-2025 оқу жылында жұмыс жоспары бойынша атқарылған жұмыстардың есебін талқылады.

2024-2025 оқу жылына АК жұмысы ұйымдастырылып «Қоршаған орта» даярлау бағыты бойынша 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламаларының 2025-2030 жылдарға арналған Даму жоспарлары, АК жұмыс және мәжіліс жоспары қаралып, келесі міндеттер орындалды, атап айтқанда:

- білім беру бағдарламасы мен оның құрылымдық элементтерін (оқу жоспарлары, оқу нәтижелері) алқалы әзірлеуді ұйымдастырылды;

- үздіксіз білім беру деңгейлерінің (бакалавриат және магистратура) сабақтастығын қамтамасыз ету негізінде кадрларды даярлаудың білім беру траекториясын қалыптастырылды;

- білім беру бағдарламаларының кадрлық ресурстарының сапасын арттыру саясатын қалыптастырылды;

- білім беру бағдарламасын іске асырудың мазмұны мен технологиясы бойынша үздік әлемдік және отандық тәжірибесі талданды;

- әлеуетті үміткерлермен жұмысты үйлестіруде кәсіби бағдар жұмыстары күшейтілді;

- студенттердің ғылыми-зерттеу және жобалық қызметі мәселелері бойынша ғылыми бөлімдермен өзара әрекеттестік жүргізілді;

- жұмыс берушілермен және білім беру бағдарламасының түлектерімен бітірушілердің құзыреттіліктеріне қойылатын талаптарды нақтылау және оларды даярлау сапасы бағаланды;

- білім беру бағдарламасын әртүрлі сапаны бағалау процедураларына дайындалды.

Осыған сәйкес БББ-да түлектер моделі бойынша түлектердің кәсіби құзыреттерін меңгеру деңгейіне сәйкес жұмысқа орналасу және жұмыспен қамтамасыз ету іс-шаралары жүргізілді. Оқу үдерісі барысында магистратура мен бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша жаңарту жұмыстары жүргізілді. Оқуға қабылдаудың әр жылы үшін оқу жоспарының, жылдық оқу жоспарларының мазмұны қаралды. Жұмыс берушілер қоятын кадрларды даярлауға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнына сараптама жүргізілді. Жұмыс берушілердің сарапшыларын тарта отырып, студенттердің кәсіби білімін, дағдыларын мен кәсіби құзыреттерін дамыту тұрғысынан оқу бағдарламалары мен оқу материалдарының сапасына сараптама және бақылау жүргізілді. Білім берудің әртүрлі деңгейлерінде сабақтастықты қамтамасыз ету және пәндердің қайталануын жою мақсатында 2024-2025 оқу жылының элективті пәндер каталогы қалыптастырылды. Практик мамандардың оқу материалдарын әзірлеуге қатысуын қамтамасыз етілді, өндірістік ортаның сабақтары, қонақтық дәрістер өткізілді, сол арқылы мамандықтың негізгі пәндері бойынша сабақтарды бірлесіп өткізуге міндетті түрде тарту жұмыстары ұйымдастырылды.

6B05247-Экология БББ-ның соңғы 3-5 жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелерін талдай келе, ҚР жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингісін қалыптастыру мақсатында «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингтік талдау нәтижелерінің қорытындысы бойынша 6B05247-Экология БББ-сы 2025 жылы 28 бағдарламадан 12 орынға, 2024 жылы 32 бағдарламадан 17-ші

орынға ие болған. Алайда 2023 және 2022 жылдарында ҚР жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының рейтингісін қалыптастыру әдістемесінің 5.4.2-тармағына сәйкес түлектерінің саны 5-тен кем білім беру бағдарламаларын есептеу нәтижелері репрезентативті емес болып табылатындықтан және тиісінше, рейтингте саралауға жатпады. Ал, 2021 жылы «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингтік талдау нәтижесі бойынша 35 бағдарламадан 8-ші орынға ие болған. Көрсеткіштердің салыстырмалы түрде төмен болуы, түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі мен жұмысқа орналасқандардың жалақысының аз болуы талдау барысында анықталды.

2024-2025 оқу жылында 6B05247-Экология және 7M05223-Экология БББ-н пәндердің силлабустарында көрсетілген оқыту нәтижелерін талдау жұмыстары УЕ-ХҚТУ-036-2023 Білім беру бағдарламасының және пәннің оқу-әдістемелік кешенінің құрылымы, мазмұны, дайындау ережесіне сәйкес жүргізілді. Атап айтқанда, 5.2.2 бөлімінде көрсетілген «Оқу жұмыс бағдарламасы (Syllabus), әзірлеу және бекіту тәртібіне қойылатын талаптарды» ескере отырып, 2024-2025 оқу жылында оқытылатын келесі пәндердің силлабустарына сараптама жұмыстары ұйымдастырылды:

№	Пән коды	Пән аты	Курс, БББ шифрі	семестр	Оқу тілі
1.	Хим 1201	Химия	1 курс – 6B05247 – Экология	1	қазақша
2.	Хим 1201	Академиялық жазбаға кіріспе	1 курс – 6B05247 – Экология	1	қазақша
3.	Хим 1201	Академиялық жазбаға кіріспе	2 курс – 6B01514 – География	3	қазақша
4.	КОП 1203	Қоршаған орта туралы ілім	1 курс – 6B05247 – Экология	1	қазақша
5.	KREF 1204	Жануарлар мен өсімдіктер экологиясы	1 курс – 6B05247 – Экология	2	қазақша
6.	ECh 2208	Экологиялық химия	2 курс – 6B05247 – Экология	3	қазақша
7.	ЕБ 2211	Экологиялық биогеография	2 курс – 6B05247 – Экология	3	қазақша
8.	Тор 3337	Топырақтану	2 курс – 6B05247 – Экология	4	қазақша
9.	Geo 3214	Геоэкология	2 курс – 6B05247 – Экология	4	қазақша
10.	OE I 3213	Өнеркәсіптік экология	3 курс – 6B05247 – Экология	5	қазақша
11.	Geo 3214	Геоэкология	3 курс – 6B05247 – Экология	5	қазақша
12.	ES/ZhS 3215	Экологиялық стандарттау және сертификаттау	3 курс – 6B05247 – Экология	5	қазақша
13.	ZhEA 3216	Жаратылыстанудың экологиялық аспектілері	3 курс – 6B05247 – Экология	5	қазақша
14.	KGO 3335	Климаттың ғаламдық өзгерістері	3 курс – 6B05247 – Экология	5	қазақша
15.	ATE 3336	Азық-түлік экологиясы	3 курс – 6B05247 – Экология	5	қазақша
16.	EM 3217	Экологиялық мониторинг	3 курс – 6B05247 – Экология	6	қазақша
17.	KOAB 3218	Қоршаған ортаға әсерді бағалау (түрік тілінде)	3 курс – 6B05247 – Экология	6	түрікше
18.	EOKD 3219	Экологияны оқытудың кәсіби дайындығы	3 курс – 6B05247 – Экология	6	қазақша
19.	Тор 3337	Топырақтану	3 курс – 6B05247 – Экология	6	қазақша
20.	ERK 3338	Экологиялық ресурстарға кіріспе	3 курс – 6B05247 – Экология	6	қазақша
21.	ES 4220	Экологиялық статистика	4 курс – 6B05247 – Экология	7	қазақша
22.	ZhEN 4339	Жүйелі экология негіздері	4 курс – 6B05247 – Экология	7	қазақша

23.	RE 4340	Радияциялық экология (түрік тілінде)	4 курс – 6B05247 – Экология	7	түрікше
24.	SRTB 4341	Су ресурстарын тиімді басқару	4 курс – 6B05247 – Экология	7	қазақша
25.	ASB 4342	Ауа сапасын басқару	4 курс – 6B05247 – Экология	7	қазақша
26.	AKKT 4343	Аз қалдықты және қалдықсыз технология мәселелері	4 курс – 6B05247 – Экология	7	қазақша
27.	ZBT 4345	Зерттеудің биоинди-кациялық тәсілдері	4 курс – 6B05247 – Экология	7	қазақша
28	EID 2105	Экология және өмір қауіпсіздігі(қазақ тілінде)	2-курс-6B04282-Құқық қорғау қызметі	4	қазақша


Жоғарыда келтірілген силлабустардың оқыту нәтижелерін (ОН) талдау барысында келесі талаптарға назар аударылды:

1. Пәннің оқыту нәтижелері тиісті білім беру бағдарламасынан алынды. Мысалы, 2024-2025 оқу жылының БББ-н ОН бойынша:

Кәсіби құзыреттер/ Профессиональные компетенции (ПК) / Professional Competences (PC)	Оқыту нәтижелері (ОПК мөлшері)/ Результаты обучения (единицы ОПК) /Result of training (GPC units)
Б1. Әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау қабілеті Б1.Способность формировать и определять личность в социальной среде B1.Ability to form and define a person in a social environment	- Зерттелетін салада мәліметтерді жинақтау және сыни көзқараспен талдау нәтижесінде өз бетінше шешімдер қабылдау арқылы қолбасшылық қабілетті қалыптастырады (ОН1). - Формирует лидерские качества, принимая самостоятельные решения на основе сбора и критического анализа данных в исследуемой области (PO1). - Forms leadership qualities, taking independent decisions on the basis of collection and critical analysis of data in the studied area (LO1). - Интернационалдык ортада мемлекеттік және шетел тілдерінде кәсіби, академиялық, ғылыми және әлеуметтік қарым-қатынастар орнатады (ОН2). - Выстраивает профессиональные, академические, научные и социальные отношения на государственном и иностранных языках в интернациональной среде (PO2). - Inserts professional, academic, scientific and social attitudes into state and foreign languages in an international environment (LO2). - Кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу әдістерін, академиялық жазба негізіндерін, академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін қолданады (ОН3). - Применяет в профессиональной деятельности методы научных исследований, основы академического письма, принципов и культуры академической честности (PO3). - Applies in professional activity the methods of scientific research, the basis of academic writing, principles and culture of academic honesty (LO3). - Кәсіби қызметінде қоғамның рухани құндылықтарын және экономикалық, экологиялық, құқықтың, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарын сақтайды (ОН4). - Соблюдает духовные ценности и экономические, экологические, правовые и антикоррупционные принципы общества в профессиональной деятельности (PO4). - Observes spiritual values and economic, ecological, provocative and anti-corruption principles, society in professional activity (LO4).
Арнайы құзыреттер/ Специальные компетенции (СК) / Special Competences (SC)	Оқыту нәтижелері (ПК мөлшері)/ Результаты обучения (единицы ПК) / Result of Training (PC units)
Б2. Қоршаған ортаны қорғауға және қауіпсіздігін сақтауға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және оқізу қабілеті Б2. Способность разработки и проведения мероприятий, направленных на защиту и обеспечения безопасности окружающей среды B2. Ability to develop and implement activities aimed at protecting and ensuring the safety of the environment	- Қоршаған ортаға әсер ететін антропогендік іс-әрекетті анықтау кезінде негізгі физика-химиялық әдістерді қолданады (ОН5); - Применяет основные физико-химические методы при определении влияния антропогенной деятельности на окружающую среду (PO5); - Applies basic physical and chemical methods in determining the impact of anthropogenic activities on the environment (LO5); - Қоршаған ортаны өнеркәсіптік ластанудың әсерінен қорғаудың заңнамалық нормативтері мен техникалық әдістерін қолданады (ОН6); - Применяет законодательные нормативы и технические методы защиты окружающей среды от воздействия промышленного загрязнения (PO6); - Applies legal regulations and technical methods to protect the environment from the effects of industrial pollution (LO6).
Б3. Қоршаған ортаның экологиялық мәселелерін шешу және ықпалал экологиялық қауіптердің алдын алу қабілеттілігі Б3. Способность решать экологические проблемы окружающей среды и предотвращение экологических	- Тірі организмдердің жағдайына экологиялық факторлардың әсерін талдайды (ОН7); - Анализирует влияние экологических факторов на состояние живых организмов (PO7); - Analyzes the influence of environmental factors on the state of living organisms (LO7); - Экологиялық заңдылықтарға сәйкес геоэкологиялық проблемаларды шешу жолдарын әзірлейді (ОН8); - Разрабатывает пути решения геоэкологических проблем согласно экологическим закономерностям (PO8); - Develops ways to solve geoecological problems in accordance with environmental laws (LO8).

угроз B3. Ability to solve environmental environmental problems and prevent potential environmental threats	
Б4. Салалар бойынша экологиялық мониторингті және қоршаған ортаға әсерді бағалауды жүзеге асыру кабілеті Б4. Способность осуществлять экологический мониторинг по отраслям и оценку воздействия на окружающую среду Б4. Ability to carry out sectoral environmental monitoring and environmental impact assessment	- Шаруашылық қызметтің әртүрлі түрлерінің қоршаған ортаға әсерін бағалау үшін инженерлік және экологиялық зерттеулер жүргізу арқылы жобалық құжаттаманы әзірлейді (ОН9); - Разрабатывает проектную документацию, проводя инженерно-экологические исследования для оценки воздействия на окружающую среду разных видов хозяйственной деятельности (PO9); - Develops project documentation by conducting engineering and environmental studies to assess the environmental impact of various types of economic activities (LO9); - Экологиялық мониторинг деректері және өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша экологиялық құжаттама мен есептілікті әзірлейді (ОН10); - Разрабатывает экологическую документацию и отчетность по данным экологического мониторинга и результатам производственного экологического контроля (PO10); - Develops environmental documentation and reporting based on environmental monitoring data and results of industrial environmental control (LO10).
Б5. Қалдықтардың пайда болуы және оларды орналастыру нормативтер мен лимиттерін жобалау кабілеті Б5. Способность проектирования нормативов образования отходов и лимитов на их размещение Б5. Ability to design standards for waste generation and limits for their disposal	- Қоршаған ортада түзілетін әртүрлі қалдықтарды ондеу мен кәдеге жаратудың заманауи әдістері мен тәсілдерін көрсетеді (ОН11); - Демонстрирует современные методы и пути переработки и утилизации различных отходов образующихся в окружающей среде (PO11); - Demonstrates modern methods and ways of processing and disposal of various wastes generated in the environment (LO11); - Экологиялық мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді (ОН12); - Проводит научно-исследовательскую работу по экологическим проблемам (PO12); - Conducts research work on environmental issues (LO12).

2. Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелеріне (ББ ОН) сәйкесінше Пәннің оқыту нәтижелері (ПОН) жазылды. Төменде ОН пәнге байланыстыру схемасы келтірілген.



Талдау жұмысы келесі реттілікпен жүргізілді, мысалы «Қоршаған орта туралы ілім» пән ретінде:

Пән/Модуль	Құзыреттер	Білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері ББ ОН	Пәннің Оқыту нәтижелері (ПОН)
Модуль - Жаратылыстану негіздері Пән - Қоршаған орта туралы ілім	Арнайы құзыреттер Б2. Қоршаған ортаны қорғауға және қауіпсіздігін сақтауға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және өткізу қабілеті; Б5. Қалдықтардың пайда болуы және оларды орналастыру нормативтер мен лимиттерін жобалау қабілеті	Қоршаған ортаны өнеркәсіптік ластанудың әсерінен қорғаудың заңнамалық нормативтері мен техникалық әдістерін қолданады (ОН6) Қоршаған ортада түзілетін әртүрлі қалдықтарды өңдеу мен кәдеге жаратудың заманауи әдістері мен тәсілдерін көрсетеді (ОН11);	ПОН 1-биосфераның қазіргі және болашақ жағдайына қоршаған ортаның басты маңызын көрсетеді; ПОН 2- Литосфера, атмосфера, гидросфера және педосфераның құрылымы, қалыптасуы және даму заңдылықтарымен танысады. ПОН 3- Жер бетінің негізгі құрылымы-экологиялық салдарлармен танысады; ПОН 4-Табиғаттағы зат және энергия айналымын түсінеді; -студенттерді қазіргі өркениеттің мәселелерімен таныстырады ПОН 5-тірі заттардың, түрлі жөжүйелердің, жалпы биосфера және оның тұрақтылығының негізгі заңдылықтарын зерттейді; ПОН 6--табиғатты пайдалану қарқындылығының жағдайында адамның шаруашылық қызметінің экологиялық салдары туралы білімін қалыптастырады; ПОН 7-Қоршаған ортаның әлемдік экологиялық проблемаларынан шығу жолдарын іздейді

3. Пәннің ерекшелігіне байланысты Пәннің оқыту нәтижелері (ПОН) ашылып жазылған, ол блум таксономиясына сәйкес жасалынған. (Когнитивті домен, Психомоторлы домен, Аффективті домен)

Блум таксономиясы: Когнитивтік домен

Когнитивтік доменге оқу бағдарламалары, оқулықтар, оқытушылардың күнделікті практикасында келтірілген максаттар кіреді. Мұндағы максаттар игерілген оқу материалын есте сақтау мен оны қайта келтіруден басталып, оларды өздігінше түсініп, солардың негізінде жаңа білім құрастырып (идеялар, әдістер, тәсілдер, т.б.), сол арқылы қандай да болмасын проблемаларды шешуді қарастырады. Силлабуста жазылған **Когнитивтік доменнің етістіктері:**

Категория	Кілттік етістіктер
Есте сақтау: студент ақпараттарды есте сақтай ала ма?	Анықтау, қайталау, санап шығу, есте сақтау, еске түсіру, цитата келтіру, атау
Түсіну: студент идея немесе концепцияларды түсіндіре ала ма?	Жіктеу суреттеу, қарама-қарсы қою, түсіндіру, айырмашылығын көрсету, ерекшелігін анықтау, сөзбен қайта құрастыру, мәлімдеп беру, таңдау, аудару, өз сөзімен айту
Қолдану: студент жаңа жолмен ақпаратты пайдалана алады ма?	Таңдау, көрсетіп беру, ережесін сақтап орындау (рольді орындау), қолдану, иллюстрациялау, интерпретациялау, реттеу, пайдалану, жазып көрсету
Талдау: студент ақпаратты интерпретациялай алады ма?	Бөліп шығару, салыстыру, қарама-қарсы қою, сынау, дифференциялау, категорияларға бөлу, өзара байланысын көрсету, тексеру, анықтап сурау, тестілеу, талқылау
Бағалау: студент ұстанымын немесе шешімін ақтап алады ма?	Бағалау, өлшеу, салыстыру, жақтап не жокқа шығаратын дәлелдер келтіру, қайта қарастыру, таңдау, сұрыптау, салмақтау
Құру: студент жаңа өнім немесе жаңа көзқарас жасай (құра) алады ма?	Жинақтау, құрастыру, ұсыну, дайындау, ұйымдастыру, өзгерту, ретін өзгерту, жоспарлау

Психомоторлық домен: Психомоторлық домен координация, манипуляция, күш және жылдамдық сияқты физикалды дағдылармен көрсетіледі. Психомоторлық доменнің жай мысалдары ретінде клиникалық медицинада инъекция жасау, теріні тігу, трахеяны интубациялау дағдыларын айтуға болады.

Психомоторлық домен етістіктері (Dave,R.H.)

Категория	Кілттік етістіктер
Имитация: Дағдының орындалуын бақылау және оны көшірмелеу	Бастайды, көрсетеді, түсіндіреді, қозғалады, әрекет етеді.
Манипуляция: Дағдыны нұсқаулық бойынша немесе есте қалғаны бойынша орындау	Көшіреді, іздейді, ереді, қайта орындайды, қайталайды.
Дәлдік: Дағдыны епкімнің көмегінеіз дәл орындау	Жинақтайды, құрады, құрастырады, көрсетеді, түзетеді, олшейді, жөндейді, араластырады, ұйымдастырады, эскиздер құрады.
Артикуляция: Стандартты емес мәселелерді шешу үшін дағдыны адаптациялау және интеграциялау	Адаптациялайды, өзгертеді, қайта құрады, реорганизациялайды, вариациялайды.
Натурализация: Стратегиялық деңгейдегі автоматтандырылған шеберлік	Құрады, комбинациялайды, құрастырады, конструкциялайды, жаңадан құрады, ұсынады, орындайды, туынды жасайды.

Блум таксономиясы: Аффективтік домен


Бұл салаға тұлғаның өзін қоршаған әлем мен ортаның құбылыстарына деген эмоционалды-тұлғалық қатысын қалыптастыратын мақсаттар жатады. Бұл қатынас түйсік (қабылдау, перцепция) пен қызығушылықтан басталып, құндылықтарды өз бойында қалыптастыру және оларды белсенді түрде жүзеге асыруға дейін дамиды. Осы салаға тұлғада қызығушылық пен бейімділікті қалыптастыру, оның сан алуан сезімдерді жан дүниесінен өткеруі, өзіндік қатынасты қалыптастыру, оны түсіну мен әрекетте қолдану мақсаттарын жатқызуға болады. Аффективтік мақсаттар когнитивтік мақсаттармен салыстырғанда күрделі болғандықтан (олар тұлғаның қалыптасуына тереңінен үніледі), олар тез арада нақты нәтижелерді көрсетпейді. Сол себепті де оқытушылар оларды педагогикалық диагностикада көптеп қолданбайды.

Аффективтік домен етістіктері (Kratwohl)

Категория	Кілттік етістіктер
Қабылдау: қабылдауға дайын болу, соған ұмтылу	Сұрайды, таңдайды, суреттейді, береді, идентификациялайды, табады, атайды, көрсетеді, отырады, қолданады.
Жауап беру: білім алушылар жағынан белсенділік таныту	Жауап береді, көмектеседі, сай келеді, дискуссияға қатысады, қолдайды, орындайды, қайталайды, оқиды, таңдайды, сөйлейді, жазады.
Құндылықтарды таңдау (үлестіру): құндылығына арнайы мән беру	Лықтайды, көрсетеді, дифференциялайды, түсіндіреді, сол жолмен жүреді, қалыптастырады, қосылады, доклад жасайды, ақтайды, ұсынады, ажыратады, үйренеді, жұмыс істейді.
Ұйымдастыру (концептуализация): құндылықтарды салыстыру, байланыс орнату және синтездеу	Ұстанады, өзгертпейді, ұйымдастырады, жинақтайды, салыстырады, қорытындылайды, қорғайды, қалыптастырады, генерализациялайды, модификациялайды, интеграциялайды, идентификациялайды, бұйырады, дайындайды, байланыс орнатады, синтездейді.
Құндылықтарды интернализациялау (характеризация): оның іс-әрекетін бақылаушы құндылықтар жүйесінің болуы	Әрекет етеді, дискриминациялайды, көрсетеді, әсер етеді, жүзеге асырады, тыңдайды, модификациялайды, квалификациялайды, тәжірибе жүргізеді, қайта қарастырады, сұрайды, қызмет етеді, шешім шығарады, тексереді.

3. Домендер әр деңгей үшін тандап алынады (бакалавриат үшін: Когнитивті домен- есте сақтау, түсіну қолдану, Психомоторлы домен-имитация, манипуляция, Аффективті домен-дәлдік, қабылдау, жауап беру құндылықтарды үйлестіру, магистратура және докторантура үшін: Когнитивті домен- анализ, баға беру, құру, Психомоторлы домен- Артикуляция, Натурализация, Аффективті домен- ұйымдастыру, құндылықтарды интернализациялау). Етістіктерін де сәйкесінше пайдаланылды.

Әр пәнiе игерiлген құқыреттерге сәйес оқыту нәтижелерi көрсетiлген.
 Қаш домение сәйес қалыптасады:
 Конечные результаты обучения, согласно с компетенциями, освоенными в каждой дисциплине, формируются в соответствии с указанными тремя областями:
 The latest learning outcomes in accordance with the competencies mastered in each subject are formed according to the three domains indicated below:



4. Пәннің оқыту нәтижелері (ПОН) жазылған соң, одан кешен яғни лекцияның, практиканың, ОБӨЖ-ның ОН жазылды. Мысалы, «Қоршаған орта туралы ілім» пәні.

Пәннің оқыту нәтижесі (ПОН)	№1 Лекцияның		№1 Практикалық сабақтың, БОЖ-н	
	тақырыбы	оқыту нәтижесі	тақырыбы	оқыту нәтижесі
ПОН 1-биосфераның қазіргі және болашақ жағдайына қоршаған ортаның басты маңызын көрсетеді; ПОН 2- Литосфера, атмосфера, гидросфера және педосфераның құрылымы, қалыптасуы және даму заңдылықтарымен танысады. ПОН 3- Жер бетінің негізгі құрылымы-экологиялық салдарлармен танысады; ПОН 4-Габигаттағы зат және энергия айналымын түсінеді, -студенттерді қазіргі өркениеттің мәселелерімен таныстырады ПОН 5-тірі заттардың, түрлі экожүйелердің, жалпы биосфера және оның тұрақтылығының негізгі заңдылықтарын зерттейді; ПОН 6--габигатты пайдалану қарқындылығының жағдайында адамның шаруашылық қызметінің экологиялық салдары туралы білімін қалыптастырады; ПОН 7-Қоршаған ортаның әлемдік экологиялық проблемаларына шешу жолдарын іздейді	Қоршаған орта- адамның тіршілік ету және өндірістік іс-әрекеті ортасы	ПОН 1-биосфераның қазіргі және болашақ жағдайына қоршаған ортаның басты маңызын көрсетеді; ПОН 2- Литосфера, атмосфера, гидросфера және педосфераның құрылымы, қалыптасуы және даму заңдылықтарымен танысады. ПОН 3- Жер бетінің негізгі құрылымы-экологиялық салдарлармен танысады; ПОН 4-Габигаттағы зат және энергия айналымын түсінеді, -студенттерді қазіргі өркениеттің мәселелерімен таныстырады	Жердің химиялық құрамы Жер қойнауында химиялық элементтердің болатын негізгі формалары.	ПОН 1-биосфераның қазіргі және болашақ жағдайына қоршаған ортаның басты маңызын көрсетеді; ПОН 2- Литосфера, атмосфера, гидросфера және педосфераның құрылымы, қалыптасуы және даму заңдылықтарымен танысады. ПОН 3- Жер бетінің негізгі құрылымы-экологиялық салдарлармен танысады; ПОН 4-Габигаттағы зат және энергия айналымын түсінеді, -студенттерді қазіргі өркениеттің мәселелерімен таныстырады

Тексеруге түскен пәндер бойынша силлабустардың оқыту нәтижелерін саралай келе, барлығы пән ерекшелігіне сәйкес жазылғандығы және қол жетімді екендігі анықталды. Сараптама критерийлері оқыту нәтижелерінің келесі принциптеріне сәйкес негізделген:

- Бір белсенді етістік арқылы жазылуы
- Білімгерге қойылатын негізгі талаптардың нақты болуы
- Қол жетімділігі
- Өлшемді.

Оқыту нәтижелеріне арналған идеалды тұжырымдалған талаптар екі сұраққа нақты жауап беруі керек:

- Табысты оқыту нәтижесінде білімгер не істей алады?
- Оның бұл әрекетке қабілеттілігін қалай тексеруге (өлшеуге) болады? (Пәнді сәтті игерген студент оқымаған студенттен қалай ерекшеленеді?)

ХҚТУ-нің алыс және жакын шетелдік жоғары оқу орындарымен түзілген келісім шарттардың негізінде сараптамалық тұжырымдар алынады, негізгі оқу жоспарларындағы оқытылатын пәндер бойынша салыстырмалы жұмыстар жүргізілді, Мәуләна, Орхун, PechaKucha конкурстары нәтижесінде білімгерлер шетелдік ЖОО-мен танысуда. Экология және химия кафедрасының 7M05223-Экология білім беру бағдарламасының білімгерлері ғылыми тағылымдамадан өтті, академиялық ұтқырлық бағдарламалары бойынша 6B05247-Экология БББ-на 2 студент білім алды. 2025-2026 оқу жылының БББ-рын жанарту жоспарланғандықтан, жұмыс берушілермен, мемлекеттік билік органдарымен, бизнес өкілдерімен байланыс нәтижелері ретінде сауалнамалар, ұсыныстар, сараптамалық тұжырымдар алынды. Бұл бағыттағы жұмыстар қантар-наурыз айларында орындалып, 6B05247-Экология және 7M05223-Экология БББ-ры ЕПВО платформасына жүктеліп, он нәтижесімен мақұлданды.

2024-2025 оқу жылында 6B05247-Экология БББ-сына 39 білімгер қабылданды. 7M05223-Экология БББ-на 2 магистрант қабылданды. Барлық білімгерлер мемлекеттік тапсырыс бойынша гранттық негізінде оқып, білім алуда. 2023-2024 оқу жылы бойынша түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіштері 6B05247-Экология БББ-да 68 %-ды құрады, ал 7M05223-Экология БББ-сы бойынша 100%-ды құрады. Түлектердің алған кәсіби біліктілігі бойынша жұмысқа орналасу деңгейі айтарлықтай жақсы, қалған пайызды магистратурада оқуды жалғастырған және декреттік демалыста отырғандар құрайды. Осы орайда, жұмыс берушілермен тығыз жұмыстар жүргізілді, экология саласы бойынша департаменттердің және ҒЗИ-ның ұсыныстары, бос орындардың вакансиялық штаттары да түлектер үшін ұсынылды.

2023-2024 оқу жылында Аккредитеуден өткен 6B05247-Экология және 7M05223-Экология оқу бағдарламаларын өзіндік бағалау жұмыстары жалғастырылған. 6B05247-Экология білім беру бағдарламасындағы оқу жоспарына сәйкес Базалық және бейіндеуші пәндер цикліндегі Soft Skills және академиялық жазба Модулі бойынша AZhK 1247 «Академиялық жазбаға кіріспе» пәнін оқытудың жоспарында ғылыми жазбалармен байланысты практика тақырыптары мазмұнына «Академиялық жазбалардағы жасанды интеллект элементтері» модулін енгізуді қажет деп санадық. «Академиялық жазбалардағы жасанды интеллект элементтері» 2-модулінде төмендегідей тақырыптар қамтылды:

1. Жасанды интеллекттің академиялық жазбадағы маңыздылығы
2. Ғылыми жұмыстарда жасанды интеллект қолдану және плагиат қаупі
3. Жасанды интеллект ғылыми зерттеу құралы ретінде
4. Ғылыми презентациялар, эсселер, жобалар мен посттар жасаудағы жасанды интеллект.

Экология курстарында жасанды интеллектті пайдалану тиімділігін бағалау. «Академиялық жазбалардағы жасанды интеллект элементтері» 3-модулін енгізгендіктен, 6B05247-Экология білім беру бағдарламасы құзыреттілік картасындағы Кәсіби құзыреттер: Б1. Әлеуметтік ортада адамды қалыптастыру және анықтау қабілеті бойынша

оқыту нәтижелеріне де қосымша толықтырулар енгізуді жөн деп санадық және (ОН3) - ге толықтырулар төмендегіше жасалды:

- Кәсіби қызметінде ғылыми зерттеу әдістерін, академиялық жазба негізіндерін, жасанды интеллект көмегімен академиялық адалдық принциптері мен мәдениетін қолданады (ОН3).

Сонымен қатар, 6B05247-Экология білім беру бағдарламасының негізгі оқу жоспарындағы «Таңдау» бойынша компонентіндегі Экологияны зерттеудің әдістері Модулінің SEZN 3289 «Сандық экологиялық зерттеу әдістері» пәнін оқытудың жоспарындағы лекция пен практикалық тақырыптарының мазмұнына «Экологиялық тәуекелдерді болжауда жасанды интеллектті қолдану» модулін енгізуді қажет деп санадық.

«Экологиялық тәуекелдерді болжауда жасанды интеллектті қолдану» 3-модулінде төмендегідей тақырыптар қамтылды:

1. Экологиялық тәуекелдердің түрлері және оларды болжаудың сандық әдістері
2. Жасанды интеллект және экологиядағы геоакпараттық жүйелердің интеграциясы
3. Климаттық өзгерістер мен табиғи апаттарды болжаудағы жасанды интеллект
4. Жасанды интеллект арқылы қоршаған ортаның ластануын талдау және болжау
5. Жасанды интеллектті экологияда қолданудың этикалық және құқықтық аспектілері.

«Сандық экологиялық зерттеу әдістері» курсы бойынша жасанды интеллектті пайдалану тиімділігін бағалау. «Экологиялық тәуекелдерді болжауда жасанды интеллектті қолдану» модулін енгізгендіктен, 6B05247-Экология білім беру бағдарламасы құзыреттілік картасындағы Арнайы құзыреттер: Б2. Қоршаған ортаны қорғауға және қауіпсіздігін сақтауға бағытталған іс-шараларды әзірлеу және өткізу қабілеті бойынша оқыту нәтижелеріне де қосымша толықтырулар енгізуді жөн деп санадық және (ОН6) - ге толықтырулар төмендегіше жасалды:

- Экологиялық заңнаманың сәйкестігін, мониторингтің әдістері мен техникалық шешімдерін талдау және қоршаған ортаға өнеркәсіптік әсерді азайтуда жасанды интеллектті қолданады (ОН6).

Жаһандық және ұлттық экономикадағы өзгерістерді, сондай-ақ мамандардың құзыретіне қойылатын талаптардың өзгеруін ескере отырып, келесі мазмұнды элементтерді қосу арқылы 2025-2026 оқу жылында бакалавриаттың 6B05247-Экология білім беру бағдарламасын өзектендіру мүмкіндігін қарастыру ұсынылған:

1. Жасанды интеллект және цифрлық технологиялар бойынша оқыту нәтижелеріне негіздеме.

2. Қаржылық сауаттылық бойынша оқыту нәтижелеріне негіздеме.

3. Инклюзия және әртүрлі әлеуметтік осал топтармен жұмыс жасаудың негіздемесі.

Бұл элементтерді 6B05247-Экология білім беру бағдарламасына енгізу болашақ мамандарға кәсіби құзыретті ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік жауапты, цифрлық сауатты және тез өзгереді әлемнің сын-тегеуріндеріне төзімді болуға мүмкіндік береді.

7M05223-Экология білім беру бағдарламасындағы оқу жоспарына сәйкес «Жоғары оқу орны» компонентіндегі ZKA 5314 «Зерттеулердің қолданбалы әдістері» пәнді оқытудың жоспарында лекция және практика тақырыптары мазмұнына «Зерттеулердегі жасанды интеллект элементтері» модулін енгізуді қажет деп санадық.

«Зерттеулердегі жасанды интеллект элементтері» 2-модулінде төмендегідей тақырыптар қамтылды:

1) Қолданбалы зерттеулердегі жасанды интеллект құралдары мен технологиялары.

2) Жасанды интеллект және нейрондық желілер арқылы климаттық өзгерістерді болжау әдістері

3) Деградацияға ұшыраған аумақтарды қалпына келтіру мәселесінде жасанды интеллект әдістері мен терең нейрондық желілерді жүзеге асыру. Jamovi-де қоршаған ортаны зерттеу деректерін өңдеу.

4) Жасанды интеллект жүйелері Microsoft Project Premonition, Google's Global Fishing Watch, H₂O Genie App Store экожүйелердегі өзгерістерді бақылау және қоршаған ортаның ластануын бағалауда қолдану аспектілері.

«Зерттеулердегі жасанды интеллект элементтері» 2-модулін енгізгендіктен, 7M05223-Экология білім беру бағдарламасы құзыреттілік картасындағы Жалпы кәсіби құзыреттілік: М4. Модельдерді құру үшін әртүрлі ақпарат көздерін талдау және пайдалану мүмкіндігі бойынша оқыту нәтижелеріне де қосымша толықтырулар енгізуді жөн деп санадық және (ОН4) - ге толықтырулар төмендегіше жасалды:

- заманауи құралдарды пайдалана отырып ғылыми зерттеулердегі этикалық аспектілерге сәйкес деректерді талдауда жасанды интеллект элементтерін қолдану (ОН4).

Сонымен қатар, 7M05223-Экология білім беру бағдарламасындағы оқу жоспарына сәйкес «Жоғары оқу орны» компонентіндегі Ғылыми-зерттеу құралдары модулінің AGZh 5306 «Академиялық ғылыми жазба» пәнді оқытудың жоспарында лекция және практика тақырыптары мазмұнына «Академиялық жазылымдағы жасанды интеллект элементтері» модулін енгізуді қажет деп санадық.

«Академиялық жазылымдағы жасанды интеллект элементтері» 3-модулінде төмендегідей тақырыптар қамтылды:

- 1) Ғылыми жазылымдарда жасанды интеллект қолдану этикасы.
- 2) Нейрондық желілер және олардың ғылыми мәтіндерді құрудағы рөлі.
- 3) Ғылыми жұмыстардың дәйексөзділігі мен әсерін талдау үшін жасанды интеллект қолдану.

«Академиялық жазылымдағы жасанды интеллект элементтері» 3-модулін енгізгендіктен, 7M05223-Экология білім беру бағдарламасы құзыреттілік картасындағы Жалпы кәсіби құзыреттілік: М4. Модельдерді құру үшін әртүрлі ақпарат көздерін талдау және пайдалану мүмкіндігі бойынша оқыту нәтижелеріне де қосымша толықтырулар енгізуді жөн деп санадық және (ОН5) - ге толықтырулар төмендегіше жасалды: жасанды интелекті пайдалана отырып, жарияланымдарды, дәйексөздерді және зерттеу желілерін талдау арқылы ғылыми салалардағы жаңа бағыттарды талдайды.

7M05223-Экология білім беру бағдарламасының жаңартылуы бойынша іргелі және қолданбалы экология, табиғатты пайдалану және экологиялық қауіпсіздік саласында білімі бар магистрлерді даярлауға бағытталған. Бағдарлама қоршаған ортаны қорғау саласында терең білімі бар, командада жұмыс істей алатын және нарық талаптарына бейімделген мамандарды даярлауға бағытталған. Кәсіби стандарттарды ескере отырып, эколог-мамандарды даярлау жөніндегі 7M05223-Экология білім беру бағдарламаларын жаңарту білім беру сапасын жақсарту және еңбек нарығының заманауи талаптары мен экологиялық сын — тегеуріндерге сәйкес келетін мамандарды даярлау үшін маңызды және қажетті міндет болып табылады. Мұндай бағдарламаларды өзекті және тиімді ету үшін бірнеше негізгі аспектілерді ескеру қажет. 7M05223-Экология БББ-сы экологтарды даярлау бағдарламалары қоршаған ортаны қорғау, орнықты даму, экологиялық мониторинг, сондай-ақ цифрлық технологияларды (мысалы, Жерді қашықтықтан зондау, экожүйелердің жай-күйін бағалау үшін үлкен деректерді өңдеу және т.б.) пайдалана отырып, экология саласындағы ең жаңа технологияларды оқытуды қамтуы тиіс.

Осыған орай, 7M05223-Экология білім беру бағдарламасының негізгі оқу жоспарындағы «Су ресурстарының экологиясы» модуліндегі «Орта Азия мен ҚР су ресурстарын интеграциялық басқару және тұрақты даму» және «Су ресурстарының жағдайына климат өзгерістерінің әсері» пәндерін жұмыс берушілердің ұсынысымен (келтірілген екі пән бойынша ұсыныстар түп нұсқа түрінде бар) «Өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату және қайталама пайдалану технологиясы» мен «Жобаларды басқару» жаңа пәндеріне ауыстырып, модульдың атауын «Экологиялық тәуекелдерді басқару» деп өзгертілді.

6B05247 – «Экология» (бакалавриат) және 7M05223 – «Экология» (магистратура) білім беру бағдарламалары бойынша Сапаның сыртқы қамтамасыз ету процедураларын ұйымдастыру аясында келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Оқу жоспарларына, модульдерге және пәндерге жұмыс берушілер мен сыртқы академиялық сарапшыларды тарта отырып, тәуелсіз сыртқы сараптама жүргізілді. Нәтижесінде: 6B05247-"Экология" бағыты бойынша білім беру бағдарламасына «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» және «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемелерінің атынан жасанды интеллект және цифрлық технологиялар, қаржылық сауаттылық және инклюзия бойынша оқыту нәтижелерін өзгертуге негіздеме жазылып, Ұсыныс хат пен Сараптамалық тұжырымдар қабылданды: 7M05223-Экология бойынша магистратураның білім беру бағдарламасына "Қазақстан Республикасы экология және табиғи ресурстар министрлігі экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Түркістан облысы бойынша экология департаменті" атынан 2025-2026 оқу жылында "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату және қайта пайдалану технологиясы" және "Жобаларды басқару" пәндерін түлектердің дайындық деңгейін арттыру, оларды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті ету, оларды мемлекеттік, жеке және халықаралық ұйымдарда практикалық іске асыру мүмкіндіктерін кеңейту мақсатында қосу үшін Ұсыныс хат пен Сараптамалық тұжырымдар қабылданды.

- Стейкхолдерлерден (түлектер, студенттер, оқытушылар және еңбек нарығы өкілдері) кері байланыс алу рәсімдері ұйымдастырылды. Бұл бағытта жұмысты жүргізу барысында жұмыс берушілерден 6B05247 – «Экология» (бакалавриат) және 7M05223 – «Экология» (магистратура) білім беру бағдарламаларының түлектеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында сауалнамалар алынды. Оқу үдерісі барысында студенттердің қанағаттану деңгейін айқындау үшін және оқыту процесінің осал жақтарын білу мақсатында 1-4 курс студенттерінен онлайн сауалнамалар алынды. Сауалнама нәтижелері талқыланып, оқыту үдерісін оңтайландыру бойынша мәселелер қарастырылды.

Отандық (B051-Қоршаған орта-Экология) және шетелдік (Қоршаған ортаны қорғау, Геоэкология) алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарының ұқсас білім беру бағдарламаларымен салыстырмалы талдау жүргізілді. Отандық ЖОО-нан алдыңғы қатарлы ұлттық Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің,

ҰКП «Атамекен» ЖОО Білім беру бағдарламаларының рейтингісінде 1-ші орынға ие Торайғыров университетінің, сонымен қатар жоғары көрсеткіштерге ие Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің негізгі оқу жоспарларының мазмұны бойынша талдау жұмыстары жүргізілген. Шетелдік ЖОО-нан әлемдік топ 500-ге кіретін University of Wageningen (WUR)-НИДЕРЛАНДЫ, Delft University of Technology-НИДЕРЛАНДЫ оқу ордаларының негізгі оқу жоспарларымен талдау жұмыстары жүргізілді.

- Оқу-әдістемелік қамтамасыз етудің сапасына мониторинг жүргізілді.

Кітапхана қорына түскен жаңа кітаптар тізімі

№	Кітаптың авторы, аты	Бөлімі	Данасы
1	Керімбай, Н. Н. Жерді қашықтықтан зондылауды геоақпараттық технологиялар әдістерімен талдау. : оқу құралы. / Н. Н. Керімбай, Б. С. Керімбай. - Алматы : Дарын, 2023. - 310 б.	528.9	5
2	Рахимбаева, Д. Ж. Саңдық карталарды GIS MAPINFO бағдарламасында өңдеу. : оқу құралы. / Д. Ж. Рахимбаева, Г. С. Сейтказина. - Алматы : Дарын, 2023. - 132 б.	528.9	5
3	Кенжеғалиев, А. К. Промышленная экология. : учебное пособие. / А. К. Кенжеғалиев, А. К. Шахманова. - Алматы : Alem book, 2024. - 196 б.	628.5	5

4	Мамирова, К. Н. Геоэкология и охрана природы: (для специальности 5В011600-География). : учебное пособие. / К. Н. Мамирова. - Алматы : Alem book, 2024. - 112 б.	574.5	5
5	Мамирова, К. Н. Геоэкология. : оқу құралы. / К. Н. Мамирова, М. Е. Токсабаева, Л. Ш. Киясова. - Алматы : Alem book, 2024. - 120 б.	574.5	5
6	Булекбаева, К. Б. Экология және қоршаған ортаны қорғау. : оқулық. / К. Б. Булекбаева. - Алматы : Alem book, 2024. - 128 б.	574.5	5
7	Сейтказиев, А. С. Эколого-мелиоративное состояние засоленных земель Аридной зоны Казахстана и методы улучшения их продуктивности. : монография. / А. С. Сейтказиев. - Алматы : Alem book, 2024. - 170 б.	574.526 3	5
8	Ахметов, Е. С. Жерлерді ландшафттық-экологиялық пәзізде бағалық аймақтаудың ерекшеліктері. : оқу құралы. / Е. С. Ахметов, Т. Е. Карбозов, Н. С. Мынжасаров. - Алматы : Alem book, 2024. - 80 б.	574.54	5
9	Жұмабеков, А. А. Геоэкология пәнінен Оқу құралы. / А. А. Жұмабеков. - Алматы : Alem book, 2024. - 131 б.	574.5	5
10	Әбішева, Т. О. Экологиялық мониторинг. : оқу құралы. / Т. О. Әбішева. - Алматы : Alem book, 2024. - 132 б.	574.5	5
11	Базарбаева, Т. А. Экологиялық мониторинг. : оқу құралы. / Т. А. Базарбаева, Ә. С. Бөрібай, Г. А. Мұканова. - Алматы : Дарын, 2022. - 287 б.	574.5	5
12	Кошкимбаев, К. Қазіргі жаратылыстану концепциялары (биология). : оқу құралы. 2-бас. / К. Кошкимбаев, М. С. Құлбаева, А. Ыдырыс, Г. К. Атанбаева, Б. И. Уршеева. - Алматы : Дарын, 2023. - 252 б.	574	5
13	Қуатбаев, А. Т. Өсімдіктер экологиясы. : оқулық. / А. Т. Қуатбаев. - Алматы : Дарын, 2023. - 430 б.	574.53	5
14	Базарбаева, Т. А. Геоэкология. : оқулық. / Т. А. Базарбаева, А. Ғ. Көшім. - Алматы : Дарын, 2023. - 292 б.	574.5	10
15	Мұхтар, Ә. Қ. Биохимия. : оқу құралы. / Ә. Қ. Мұхтар. - Алматы : Alem book, 2024. - 120 б.	574.192	5
16	Әметов, Ә. Ә. Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы. : оқулық. 1 бөлім. Археогониялы өсімдіктер. / Ә. Ә. Әметов, П. М. Мырзақұлов, А. Ж. Чилдибаева. - Алматы : Дарын, 2024. - 363 б.	583.11	5
17	Әметов, Ә. Ә. Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы. : оқулық. 2 бөлім. Гүлді өсімдіктер-Қосжарнақтылар. / Ә. Ә. Әметов, П. М. Мырзақұлов, А. Ж. Чилдибаева. - Алматы : Дарын, 2023. - 404 б.	583.114	5
18	Әметов, Ә. Ә. Жоғары сатыдағы өсімдіктер систематикасы. : оқулық. / Ә. Ә. Әметов, П. М. Мырзақұлов, А. Ж. Чилдибаева. - Алматы : Дарын, 2024. - 231 б.	583.114	5
19	Есжанов, Б. Е. Зоология. Екі бөлім. : оқулық. 2 бөлім. Омыртқалылар зоологиясы. 2-бас., өңдел., түзетілген. / Б. Е. Есжанов, Н. С. Сапғалиева. - Алматы : Дарын, 2023. - 356 б.	591	5
20	Сунақбаева, Д. К. Мұнай-газ кешені күкірті бар калдықтарды залалсыздандыру мен кәдеге жаратудың экологиялық аспектілері. : монография. / Д. К. Сунақбаева. - Шымкент : [б. и.], 2024. - 101 б.	574.522 2	29

• Жиналған мәліметтер негізінде келесі құрамдас бөліктерден тұратын аналитикалық есеп дайындалды:

○ Білім беру бағдарламаларының ішкі және сыртқы бағалауының жинақталған нәтижелері:

○ 6В05247 – «Экология» (бакалавриат) және 7М05223 – «Экология» (магистратура) білім беру бағдарламаларының айқындалған күшті жақтар мен жетілдіру бағыттарының тізімі:

Бағдарламалардың күшті жақтары:

- Мазмұнның өзектілігі-оқу жоспарлары ұлттық стандарттардың талаптарына, өзекті экологиялық проблемаларға және орнықты даму басымдықтарына сәйкес келеді.
- ПОҚ біліктілігінің жоғары деңгейі-ғылыми дәрежелері бар, ғылыми жобаларға және халықаралық журналдардағы жарияланымдарға қатысатын оқытушылардың болуы.
- Ғылым мен білімнің интеграциясы-студенттерді ғылыми зерттеулерге белсенді тарту, конкурстарға, конференцияларға қатысу.
- Кәсіби бағыт-нақты экологиялық еңбек нарығына дайындықты қамтамасыз ететін қолданбалы пәндер мен тәжірибелердің болуы.

- Дамыған серіктестік базасы-ғылыми-зерттеу институттарымен, табиғатты қорғау ұйымдарымен және кәсіпорындармен ынтымақтастық.
- Элективті курстардың болуы-студенттерге оқуды жеке траектория мен қызығушылыққа бейімдеуге мүмкіндік береді.
- Тәжірибеге бағытталған оқыту-бейінді кәсіпорындарда оқу, өндірістік және диплом алдындағы практикаларды жүргізу.

Бағдарламалардың әлсіз жақтары:

- Интернационалдандырудың шектеулі деңгейі-ағылшын тілді пәндердің жеткіліксіз ұсынылуы, академиялық ұтқырлық және шетелдік сарапшылардың қатысуы.
- Оқу процесін цифрландырудың жеткіліксіздігі-қазіргі заманғы АКТ, онлайн-платформалар мен цифрлық зертханаларды шектеулі пайдалану.
- Мансап траекториясын әлсіз қолдау-барлық студенттерде кәсіби даму және әлеуетті жұмыс берушілермен байланыс туралы нақты түсінік жоқ.
- Семестрлердегі біркелкі емес жүктеме-жеке модульдердің шамадан тыс жүктелуі немесе пәндердің кейбір циклында логикалық реттіліктің болмауы.
- Түлектердің салыстырмалы түрде төмен қатысуы-бағдарламаларды дамыту мен бағалауда alumni-ден фидбэкті жеткіліксіз пайдалану.

Жетілдіру бағыттары:

1. Халықаралық компонентті күшейту:
 - Ағылшын тіліндегі курстарды енгізу;
 - Академиялық ұтқырлықты кеңейту;
 - Шетелдік оқытушыларды шақыру.
 2. Цифрлық оқыту инфрақұрылымын жаңғырту:
 - Moodle платформаларын, Google Classroom, виртуалды зертханаларды пайдалану;
 - Оқу процесіне ГАЗ, модельдеу және тренажерлерді біріктіру.
 3. Менторлық және мансаптық сүйемелдеу жүйесін дамыту:
 - Жұмыс берушілерді тәлімгерлікке тарту;
 - Мансаптық іс-шараларды ұйымдастыру (Бос орындар жәрмеңкелері, шеберлік сыныптары, тағылымдамалар).
 4. Бағдарламалардың мазмұнын өзектендіру:
 - ESG-күн тәртібін, "жасыл" экономиканы, климаттық өзгерістерді ескере отырып, пәндерді қайта қарау;
 - Тұрақты даму, экологиялық менеджмент, экологиядағы деректерді талдау курстарын енгізу.
 5. Кері байланыс пен сапа мониторингін күшейту:
 - Студенттердің, түлектердің және жұмыс берушілердің тұрақты сауалнамалары;
 - Сала өкілдерінің модульдер мен құзыреттерді тексеруге қатысуы.
 - Бағдарламалар мазмұнын жаңарту, практикалық бағыттылықты күшейту, сондай-ақ оқу процесін интернационалдандыру бойынша нақты ұсыныстар.
 - Есеп академиялық комитеттің отырысында қаралып, мақұлданды және кейіннен ҰМО мен университеттің Білім беру сапасын қамтамасыз ету орталығына одан әрі сүйемелдеу және түзету шараларын енгізу үшін жолданды.
- Білім беру бағдарламаларының рейтингтерінің «Атамекен» платформасындағы қорытындысы бойынша сараптама жүргізілді. «Атамекен» платформасында білім беру бағдарламалары рейтингтерінің қорытындысы бойынша түлектерді даярлау сапасын және еңбек нарығында білім беру бағдарламаларына сұранысты кешенді бағалау мақсатында сараптама жүргізілді. Сараптама нәтижелері іске асырылып жатқан бағдарламалардың күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, сондай-ақ оқу жоспарларын, пәндер мазмұнын және студенттерді тәжірибеге бағдарланған даярлауды одан әрі жетілдіру бағыттарын белгілеуге мүмкіндік берді.

РЕЙТИНГ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ОБПО КАЗАХСТАНА 2024-2025 ГОДА												
Год	Наименование ОП	Наименование вуза	Наименование вуза	Наименование вуза	Наименование вуза	Наименование вуза	Наименование вуза	Наименование вуза	Наименование вуза	Наименование вуза	Наименование вуза	Наименование вуза
2024	ВПО - Строительство град	Экология	ВПО1247 - Экология	Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясауи	Многопрофильный	Туркестанская область	17-го 30	3,062	0,707	1,930	0,344	81,67
2025	ВПО1 - Строительство град	Экология	ВПО1247 - Экология	Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясауи	Многопрофильный	Туркестанская область	12-го 28	2,888	0,659	0,208	0,387	1,479



РЕЙТИНГ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ПРОГРАММ ВУЗОВ

Год:

Наименование ОП:

Профиль ВУЗа (многопрофильный/специализированный):

Наименование и код ГОП:

Сортировка:

12 / 28

Международный казахско-турецкий университет имени Х.А.Ясауи
Туркестанская область

Показатель качества образовательной программы (24%)	0,56
Доля выпускников, получивших диплом (10%)	0,29
Общая численность ВПО (сек. 1.14)	0,36
Классификация качества выпускников (4%)	1,68
Итоговый балл	2,88
Уровень трудоустройства (4%)	92%
Показатель качества работы (качество)	5,00

* "нерепрезентативные данные" Согласно пункту 3.4.2 Методики формирования рейтинга образовательных программ вузов РК результаты расчетов образовательных программ, где менее 5 выпускников являются нерепрезентативными, соответственно не подлежат ранжированию в Рейтинге

Платформа для публикации данных

Алынған мәліметтер жұмыс берушілердің талаптарына және экология саласындағы өзекті тенденцияларға сәйкес білім беру процесін жақсарту бойынша ұсыныстарға негіз болды.

Білім беру бағдарламалары рейтингтерінің қорытындысы бойынша "Атамекен" платформасында сараптама жүргізілді, оның нәтижелері он динамиканы көрсетті: "Экология" білім беру бағдарламасы 17-ші орыннан 12-ші орынға көтерілді. Мұндай өсу негізгі көрсеткіштерді жақсарту, атап айтқанда — түлектердің жұмысқа орналасу деңгейін арттыру, тәжірибеге бағдарланған оқытуды күшейту, өндірістік практикалар базасын

кеңейту, сондай-ак жұмыс берушілердің білім беру бағдарламасын калыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуы аркасында мүмкін болды.

Қорытындылай келе, білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына, ішкі бағалау нәтижелеріне, оқытуда инновациялық тәсілдерді енгізуге және сыртқы стейкхолдерлермен өзара іс-қимылға ерекше назар аударылды. 2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстардың көрсеткіштері жақсы нәтижеге ие. Жоғары білім берудің бірыңғай платформасында (<https://epvo.kz/#/user/rep/submissions/application/65588>) 6B05247 – «Экология» (бакалавриат-10.06.2025ж) және 7M05223 – «Экология» (магистратура-02.06.2025ж) білім беру бағдарламалары жаңартылып, мақұлданды. «Қоршаған орта» даярлау бағыты бойынша Академиялық Комитеттің 2024-2025 оқу жылына арналған жұмыс және мәжіліс Жоспары бойынша барлық жұмыстар уақытылы орындалып, нәтижелері қорытындыланды.

**«Қоршаған орта» бағытының
Академиялық комитет төрағасы:**



Г.Б.Тойчибекова

Академиялық комитет хатшысы:



Н.Ә.Әбдімүтәліп